

Жаңа кейіпке енген мұражай есігін айқара ашты

Қаламыздағы «Дала өлкесі тарихы» мұражайы бұған дейін күрделі жөндеудан өткен болатын. Алайда, реэкспозиция жасалмағандықтан, музей толықцанды жұмыс жасамай тұрған еді.

Күнды жәдігерлерге толы музейдің екінші және үшінші қабаттардағы 8 залына реэкспозиция жасалды. Яғни, жәдігерлер заманауи үлгіде жабдықталып қойылып, мән – мағынасы арта түсken.

Жаңарып, жаңғыртылған мұражайдың салтанатты шарасына тарихшы, өлкетанушы Мұхтар ҚОДЕНОВ, Арқалық қалалық мәслихатының төра이ымы Гүлбану ЕЛТЕБАЕВА, қала әкімінің орынбасары Мешітбай ЖҰМАНОВ, Жанкелдин аудандық мұражайлар кешенінің директоры Гүлбану СӘРСЕКЕЙ, Арқалық қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тұбекбай ӘУБӘКІРОВ, «Анапар кеңесінің» төра이ымы Бақытжамал ҚАЛТАЕВА, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының ректоры Ержан ӘМІРБЕКҰЛЫ, Арқалық өнірлік мемлекеттік мұрағатының басшысы Сағидолла БАЙГЕНЖИН тағы да басқа



мәртебелі меймандар қатысып, жаңа кейіпке енген мұражайды аралап көрді.

«Ел иғлігі үшін атқарылып жатқан істерге ризашылығымызды білдіреміз. Біз жөндеу жұмыстары жүргізілген уақыттарда да жұмыссымызды тоқтатқан жоқпыз. Музей қорының жәдігерлері ауыспалы көрме ретінде құрылып, әлеуметтік желілерде халыққа насиҳатталып, мамандарымыз өз жұмыстарын үздіксіз атқарып келді. Жөндеуден өткеннен кейін ғимаратымыз сәулеттене түсті. Музей қорындағы жәдігерлердің сақталуына қолайлы жағдай жасалды. Элі де атқарылар жұмыстар бар», – дейді мұражай басшысының міндетін атқарушы Раан ТЕ-

РЕК.

Сондай ақ, биылғы жылы музейдің бірінші қабатында орналасқан «Табиғат» залына реэкспозиция жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Ақпарат үшін айта кетсек, Арқалық қаласындағы облыстық «Дала өлкесі тарихы» мұражайы 1972 - жылды 4 ақпанда Қазақ КСР Министрлер кеңесінің жарлығымен құрылған болатын.

Ұлт жанашыры, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей басшылығымен ашылған мұражай 1973 - жылдың 28 - шілдесінде халық батыры А.Имановтың 100 жылдығына орай алғашқы келушілерін қабылдады.